

Ұжымдық шарт

1. Атауы: «Қарағанды медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
2. Мекен-жайы: Қарағанды қ., Гоголь көш., 40;
3. БСН: 240940035132;
4. ЖСК: KZ 36601A191014175981;
5. Штат саны: 10.02.2025 ж. жағдай бойынша 2347,5 бірл.;
6. Телефон: 51-89-31, 50-39-30;
7. Басқарма Төрағасы-Ректор м. а. Риклефс Виктор Петрович;
8. Ұжымдық шарттың әрекет ету мерзімі 5 жыл;
9. Ұжымдық шарт қайта тіркеледі.



БЕКІТІЛГЕН

Басқарма шешімімен

Хаттама № 4

Басқарма Төрағасы-Ректор м. а.

Риклефс В. П.

2025ж.

«Қарағанды медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТЫ

Қарағанды 2025 жыл

1- бөлім. Жалпы ережелер.

1.1. Осы ұжымдық шарт (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 ж.30.12. № 69 ж/қ бұйрығы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы-Ректор м.а. Риклефс Виктор Петрович атынан «Жұмыс беруші» - «Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – кәсіпорын) және «Қарағанды медицина университетінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Жарғысы негізінде әрекет ететін «Қарағанды медицина университетінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі мәтін бойынша «Кәсіподақ») Төрағасы Нұрлан Нығметұлы Наурызовтың атынан «Қызметкерлер» арасында жасалды.

1.2. Осы шартты бекіткенде Тараптар төмендегілерді басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығы;
- «Алуан түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 943 бұйрығы;
- «Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1020 бұйрығы;
- «Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 520 қаулысы;
- «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен

мерзімділігін, зертханалық және функционалды зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы.

1.3. Жұмыс беруші еңбек қатынастарын реттеу сұрақтары бойынша өзара мүдделерді мақұлдауды қамтамасыз ету үшін Кәсіподақты Университет қызметкерлерімен өкілдендірілген (бұдан әрі мәтін бойынша - Қызметкерлер) ұйымдағы жалғыз әлеуметтік серіктес деп мойындайды.

1.4. Осы Шарттың қызметі Жұмыс берушіге, Қызметкерлер – Кәсіподақ мүшелеріне қатысты, кейінгісінің атынан Кәсіподақ Шарт жасады.

Кәсіподақ сондай-ақ ұжымдық шартта айқындалған кәсіподақ мүшелері үшін бірдей шарттарда олардың жазбаша өтініші негізінде кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын қызметкерлердің мүдделерін білдіреді.

Сонымен қатар, Кәсіподақ салалық кәсіподақтың мүшесі болып табылмайтын қызметкерлердің және студенттердің мүддесін олардың жазбаша өтініштерінің негізінде, кәсіподақ мүшесі болып табылатындарға арналған шартпен білдіреді, бұл талаптар кәсіподақ қорына жыл сайынғы еңбекақының (студенттерге стипендиядан) барлық түрлерінің кемінде 1% аудару шарты бойынша ұжымдық шартпен анықталады.

Осы Шартпен белгіленген әлеуметтік кепілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің үстінен тек кәсіподақ мүшелеріне және оларға қосылғандарға ғана таралады. Шарттың жеке ережелері Тараптардың келісімі бойынша Университет зейнеткерлеріне таралуы мүмкін.

1.5. Шарт Қызметкерлердің құқығын, еңбек жағдайларын шектей алмайды, сонымен қатар, заңда белгіленген кепілдіктерді бұза алмайды. Қазақстан Республикасы осы Шартпен салыстырғанда еңбек жағдайларын жақсартатын немесе Қызметкерлердің құқықтары мен кепілдіктерін арттыратын бұйрықты сипатқа ие заңдарды, басқа да нормативтік актілерді қабылдаған жағдайда (Шарттың әрекет етуі кезеңінде) осы құқықтық актілер қолданылуы тиіс. Керісінше жағдайда (Шарт талаптары заңға қарама-қарсы келмегенінде) Шарт қолданылады.

1.6. Университетті қайта ұйымдастыру жағдайында (қосылу, бірігу, бөліну, бөлектену, түрлену) осы Шарт күшінде қалады және жаңа ұжымдық шарт қабылданғанға дейін әрекет етеді.

1.7. Университетті тарату жағдайында Шарт әрекеті барлық қызметкерлермен еңбек келісімдерін тоқтатқан сәттен бастап тоқтатылады.

1.8. Шарт тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы қолданылады және жаңа Ұжымдық шарт жасалған күнге дейін мерзім

шектеусіз ұзартылған болып есептеледі.

1.9. Шарт әрекет ететін мерзімде Жұмыс беруші Шарт талаптарын орындаған жағдайда Кәсподақ комитеті әлеуметтік-еңбек қатынастарының кепілгері қызметін атқарады.

1.10. Әрекет ету мерзімі барысында Шартқа өзгертулер мен толықтырулар тек Тараптардың өзара келісімімен, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес енгізіледі.

1.11. Тараптар осы Шартқа қол қойған күннен бастап бір ай мерзім ішінде әрбір қызметкерді Ұжымдық шарттың мәтінімен таныстыруға міндетті.

2 - бөлім. Тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттері.

2.1. Жұмыс берушінің құқықтары:

2.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта қарастырылған Қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын сақтау, атап айтқанда:

- Қызметкерге еңбек келісімімен шартталған жұмыс беру;
- Қызметкерге ҚР нормативтік құқықтық актілерімен, еңбек, ұжымдық шарттармен, жұмыс берушінің актілерімен қарастырылған еңбекақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық көлемде жүргізу;
- Зейнетақы жинақтау қорына қызметкерлердің міндетті зейнеткерлік аударымдары мен еңбекақысы бойынша қарыздардың жиналуын болдырмау;
- Еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасау және қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес жабдықталған жұмыс орындарымен, жабдықтармен, аспаптармен, еңбек міндеттемелерін орындауына қажетті өзге де құралдармен қамтамасыз ету;
- Қызметкерді жұмыс берушінің актілерімен және ұжымдық шартпен таныстыру;
- Қызметкерлердің өкілдеріне ұжымдық шарттарды жүргізуге, ұжымдық шарттар бекітуге, сондай-ақ, олардың орындалуын бақылауға қажетті толық және сенімді ақпарат беру;
- Мемлекеттік еңбек инспекторларының ұйғарымдарын орындау;
- Жұмысты жалғастыру қызметкердің немесе өзге тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін болса, жұмысты тоқтату;
- Егер ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті болып табылатын болса, медициналық тексеруден немесе медициналық куәландырудан өтпеген қызметкерді жұмыстан шеттету;
- Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттемелерін орындауы барысында қайғылы жағдайлардан сақтандыру;
- Қызметкерге жыл сайын төленетін еңбек демалысын беру;
- Қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды және зейнетақымен қамтамасыз ету үшін қаражатты ұстап, аудару туралы

мәліметті мемлекеттік мұрағатқа тапсырып, сақталуын қамтамасыз ету;

- Қызметкерге еңбектің зиянды (аса зиянды) және (немесе) қауіпті жағдайлары және кәсіптік ауруға шалдығу жағдайлары туралы алдын ала ескерту;
- Жұмыс орындарында және технологиялық үрдістерде қауіптің алдын алу шараларын қолдану, өндірістік және ғылыми-техникалық үрдісті есепке ала отырып, алдын алу жұмыстарын жүргізу;
- Жұмыс уақытының, сондай-ақ, зиянды (аса зиянды), қауіпті еңбек жағдайларындағы үстеме жұмыстардың, әрбір қызметкер істейтін ауыр жұмыстардағы нақты есебін жүргізу;
- ҚР заңнамасына сәйкес қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру;
- Жұмысқа қабылдайтын кезде ҚР Еңбек Кодексінің 32-бабына сәйкес еңбек келісімін бекітуге қажетті құжаттарды талап ету.
- Еңбек қауіпсіздігі және қорғалуы бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру.

2.1.2. Еңбек ұйымдастыру мен қауіпсіздігін жетілдіру, қызмет тиімділігі мен мәдениетін жақсарту, қызметкерлер құрамын сауықтыруға, білімдері мен кәсіптік дайындығын арттыруға ықпал ету, атап айтқанда:

- Біліктілікті арттырудың белгіленген жоспарына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен белгіленген мерзімде Қызметкерлерге оқу және біліктілікті арттыру мүмкіндігін беру;
- Қызметкерлерді және оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау бағдарламаларын жүзеге асыру.

2.1.3. Ұсынылған санатқа сәйкес оқу сағаттарының нормасы шегінде сала қызметкерлерінің біліктілік дәрежесі мен кәсіби дағдыларын арттыруды және жұмыс орнын, орташа жалақысын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 118-бабы 4-тармағына сәйкес оқу шартының талаптарында қарастырылған көлемде іссапар шығындарын төлей отырып, кемінде бес жылда бір рет жұмыс беруші немесе мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен санат алу үдерісін төлеуді қамтамасыз ету.

2.1.4. Өндірістік қажеттілік туындаған жағдайда қызметкерлер саны немесе штатының қысқаруы барысында Кәсіподақ өкілдерімен міндетті түрде өзара кеңестер жүргізу және кемінде бір ай бұрын жұмыспен қамту бойынша, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалғандығын қолдау бойынша шараларды әзірлейді.

Кәсіподақ өкілдерін төменде көрсетілген комиссиялардың құрамына қосу:

1. Құрылымдық бөлімшелер басшыларының, кафедра меңгерушілерінің, профессорлық-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу жөніндегі комиссия.

2. Жатақханаларда орындарды бөлу жөніндегі комиссия.
3. Тәртіптік комиссия.
4. Аттестаттау комиссиясы.
5. Келісім комиссиясы.

2.1.5. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 12-бабына сәйкес қызметкерлер өкілдерінің пікірін есепке ала отырып, еңбек және әлеуметтік құқықтарына қатысты жұмыс берушілердің актілерін шығару:

- ішкі еңбек тәртібінің ережелері;
- толық емес жұмыс уақыты режимін енгізген кезде;
- ҚР берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде;
- 1-тармақ, 1) тармақша - жұмыс беруші-заңды тұлға таратылған немесе жұмыс беруші - жеке тұлға қызметін тоқтатқан кезде;
- 2-тармақ, 1) тармақ - қызметкерлер санын немесе штатын қысқарту;
- 2-тармақ, 1) тармақша - жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндірістік, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемін азайту;
- 4-тармақ, 1) тармақша - аттестаттау нәтижелерімен расталған біліктіліктің жеткіліксіздігі салдарынан қызметкердің атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуі;
- 4-1-тармақ, 1) тармақша - қызметкердің кәсіптік қызметке қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;
- ҚР Еңбек Кодексінің 46-бабына сәйкес еңбек жағдайлары өзгерген кезде;
- Еңбек кодексінің 52-бабында көзделген негіздер бойынша Жұмыс
- ҚР Еңбек Кодексінің 64-бабына сәйкес тәртіптік жаза қолдану кезінде.

2.1.6. Жұмыс орындарын негізсіз қысқартуды болдырмау мақсатында қызметті тұрақтандыру және дамыту шараларын қолдану. Жұмыс орындарының санын арттыру үшін жаңа қызмет бағыттарын ұйымдастыруға ықпал ету.

2.1.7. Кәсіподақ комитетінің сауалы бойынша қызметті дамыту, еңбек пен еңбекақы, әлеуметтік қорғау, баспана мәселелері және Шартта көрсетілген басқа да сұрақтар жөнінде мәлімет ұсыну.

2.1.8. Тараптар өкілдерінің тең қатысуымен келістіруші комиссиялар арқылы еңбек дауларын реттеу шараларын қабылдау.

2.1.9. Жұмыскерлердің жалақыны уақтылы төлеуге және демалыстарды төлеуге құқықтарын іске асыру жөніндегі ҚР Еңбек кодексінің нормаларын сақтауды қамтамасыз ету, лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы, қолданыстағы заңнамада белгіленген мөлшерден төмен емес мөлшердегі жәрдемақы төлеу.

2.1.10. Кәсіподақ Жарғысына және ұжымдық шартқа сәйкес кәсіподақ жарналарын жалақыдан қолма-қол ақшасыз ұстау және кәсіподақ жарналарының ұсталған сомасын «Қарағанды медициналық университетінің кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігінің есеп шотына аудару.

2.1.11. Кәсіподақ комитетін төмендегілерге жұмылдыру:

- нақты қызметкерлердің жүктемелерін қайта қарастыруға және белгілеуге;
- еңбек төлемінің қол жеткізілген деңгейінің және мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметі нәтижелерінің талдауын жүргізу.

2.1.12. Ұжымдық шарттың талаптарын сақтау.

2.2. Жұмыс беруші міндетті:

2.2.1. Осы Шартта қарастырылған Қызметкерлердің құқықтары мен кепілдіктерін сақтағанда заңмен қарастырылған уәкілеттіктер шеңберінде Қызметкерлермен ұжымдық және жеке еңбек қарым-қатынастарын реттейтін актілер қабылдау;

2.2.2. Заңнамаға және еңбек келісімдеріне сәйкес Қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан шығару;

2.2.3. Қызметкерлердің заңсыз әрекеттерін заңнамада қарастырылған шекте тоқтату, оның ішінде, тәртіптік жазаға беру, материалдық зиян келтіргені үшін жазаға тарту және еңбек келісімдерін бұзу;

2.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартта қарастырылған және қарсы келмейтін еңбек қатынастарын ұйымдастыру, басқару және қызмет көрсету бойынша басқа шараларды жүзеге асыру.

2.3. Қызметкердің құқықтары:

2.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта қарастырылған барлық құқықтар мен кепілдіктерді сақтау есебімен еңбек қызметін жүзеге асыру;

2.3.2. Осы Шарт талаптарын орындау бойынша объективті ақпарат алуға;

2.3.3. Осы Шартта белгіленген әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді пайдалану;

2.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚР Еңбек Кодексінде және осы Шартта қарастырылған басқа да құқықтарды пайдалану.

2.4. Қызметкер міндетті:

2.4.1. Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Шарт талаптарын сақтау, Жұмыс берушінің талаптары мен актілерін орындау;

2.4.2. Жұмыс берушінің меншігіне ұқыпты қарау, материалдарды, энергия ресурстарын үнемді шығындау, құрылғылар мен механизмдердің сақталуын қадағалау;

2.4.3. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, Жұмыс беруші мен Қызметкердің мүлкінің сақталуына қауіп төндіруі мүмкін жағдай туындағанда Жұмыс берушіге хабарлау;

2.4.4. Мемлекеттік құпия саналатын мәліметтерді, еңбек

міндеттемелерін орындауға байланысты оған белгілі болған қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын сырды таратпау;

2.4.5. Жұмыс берушіге келтірген зиянның орнын Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген шекте толтыру;

2.4.6. Өзінің кәсіптік деңгейін арттыру;

2.4.7. Жыл сайынғы міндетті медициналық тексеруден өту арқылы жұмысқа рұқсат алу;

2.4.8. Келістіруші комиссиялар арқылы еңбек дауларын ерікті түрде реттеу үшін шаралар қолдану;

2.4.9. Осы Шартпен реттелген сұрақтар бойынша ереуілдер мен өзге де акциялар ұйымдастырмау, өткізбеу;

2.4.10. Ішкі еңбек тәртіптерін, қызметтік нұсқаулықты, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, жұмыс орнында өндірістік санитария ережелерін сақтау.

2.5. Кәсіподақ комитеті міндетті:

2.5.1. Университеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына барынша ықпал ету. Еңбек тиімділігі мен сапасына қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға, Еңбек тәртібінің ережелерін сақтауға, еңбек және қызмет тәртібін, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі нормаларын нығайтуға, кадрлардың біліктілігін арттыруға, Университеттің әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларының негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал ету;

2.5.2. Ұжымдық Шарттың орындалу барысын бақылау нәтижелерімен Кәсіподақ мүшелерін ақпараттандыру;

2.5.3. Санаторлық-курорттық аймақтарға жіберу арқылы кәсіподақ мүшелерін сауықтыруға жәрдемдесу;

2.5.4. Спорттық және мәдени-бұқаралық шараларды ұйымдастырып, жүргізуге қатысу;

2.5.5. Кәсіпорында дау-жанжалдың алдын алу шараларын қабылдау және сотқа дейінгі тәртіпте еңбек дауларын шешу;

2.5.6. Осы Ұжымдық Шарт орындалған жағдайда жанжалды жағдайды шешудің ең соңғы шарасы ретіндегі ереуілдерді болдырмау.

2.6. Кәсіподақ құқылы:

2.6.1. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексін сақтауды қадағалауды жүзеге асыру, аталмыш шарттың орындалуын қадағалау, шарт талаптарының бұзылушылығын жою туралы әкімшілікке ұсыныс көрсету.

2.6.2. Денсаулық, еңбек және қауіпсіздік техникасы, ұйымдағы еңбек тәртібі жағдайын бақылауды жүзеге асыру, еңбек жағдайларын жақсартуға ықпал ету;

2.6.3. Жұмыс берушінің ҚР еңбек туралы заңын және еңбек құқықтарының нормалары бар өзге де актілерді, Еңбектің ішкі тәртіп ережелерін сақтауына бақылауды қамтамасыз ету;

2.6.4. Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы шартта қарастырылған өзге де құқықтарды пайдалану.

3 - бөлім. Еңбек қарым-қатынастары.

3.1. Университетке жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес еңбек келісімін бекіту жолымен жүзеге асырылады.

3.2. Жұмысқа қабылдау кезінде Қызметкер өзінің қызметтік міндеттемелерімен, еңбек, демалыс және ұйым тәртібімен, еңбек төлемімен, Қызметкерлерге бекітілген жеңілдіктер мен осы Ұжымдық Шартпен таныс болуы керек.

Жұмыс беруші (әкімшілік) мен кәсіподақ комитеті қызметкермен еңбек келісімін белгілі бір мерзімге бекіткенде бұл мерзім бір жылдан кем болмау керектігі туралы келісімге келді, бұған белгілі бір жұмысты орындау мерзіміне, уақытша орнында жоқ қызметкердің орнын басу уақытына, маусымдық жұмысты орындау уақытына, белгісіз уақытқа жұмысқа қабылдану жатпайды.

3.3. Жұмыс берушінің ынтасымен Қызметкермен еңбек келісімін бұзу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3.4. Қызметкерлер штатының санын қысқартуға байланысты жүкті әйелдермен, сондай-ақ, зейнеткерлік жасқа шығуына екі жылдан аз уақыт қалған және тәртіптік жазаларға тартылмаған қызметкерлермен еңбек келісімін бұзуға жол берілмейді.

Зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлермен еңбекке жарамдылығына байланысты еңбек келісімі тараптардың келісімі бойынша жыл сайын созылып отыруы мүмкін.

3.5. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңымен белгіленген Қызметкердің зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты онымен еңбек шартын күнінен кемінде бір ай бұрын ол зейнеткерлік жасқа жеткен соң хабардар ете отырып және лауазымдық жалақысы мөлшерінде өтемақы төлей отырып, ескерту керек.

3.6. Жұмыс беруші Кәсіподақ комитетіне ұжымдық келіссөздер жүргізуге, ұжымдық шарт бекітуге, сонымен қатар, оның орындалуын бақылауға қажетті толық, әрі сенімді ақпаратты ұсынады: көрсетілетін қызмет көлемі туралы мәлімет, санаттар бойынша жұмыс істейтіндер саны, Қызметкерлердің еңбегін төлеу қоры, Қызметкерлердің орташа айлық жалақысы, еңбекақы құрылымы, өндірістік жаракаттанушылық, жұмыс уақытын жоғалту, бұларға тек коммерциялық құпия саналатын мәліметтер жатпайды.

3.7. Еңбек шарттары өзгерген жағдайда Жұмыс беруші қызметкерге еңбек шарттарының өзгергені туралы он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Еңбек шарттарының өзгеруіне байланысты жұмысты жалғастырудан Қызметкер жазбаша түрде бас тартқан

жағдайда, қызметкермен еңбек келісімі ҚР Еңбек Кодексінің 58-бап, 1- тармақ 2-тармақшасында қарастырылған негіз бойынша тоқтатылады.

3.8. Еңбек міндеттемелерін үлгілі орындағаны үшін, еңбек өнімділігін арттырғаны, қызмет көрсетулер сапасын жақсартқаны, ұзақ, әрі мінсіз жұмысы үшін, еңбектегі жаңашылдығы үшін, кәсіптік мерекелердің құрметіне, сондай-ақ, Кәсіподақ комитетінің қолдаухаты бойынша, бюджеттен тыс қаражат есебінен Жұмыс беруші қызметкерлерді көтермелеудің түр-түрін қолдануға құқылы.

Жұмыс беруші мен Кәсіподақ комитетінің бірлескен актісімен (қаулы) Жұмыс берушінің қаражатынан көтермелеу сыйақысына ұсынылатын кәсіподақ мүшелері – қызметкерлердің тізімі анықталады.

3.9. Жұмыс берушіге зиян келтіргені үшін Қызметкерге толық материалдық жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жұмыс берушінің жергілікті актілерімен анықталатын тәртіпте жүктеледі.

3.10. Сотқа дейінгі жедел қарастыру және жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу мақсатында құрылсын:

- жеке еңбек дауларын қарастыру үшін тұрақты әрекет ететін орган – ҚР Еңбек кодексінің 159 бабына сәйкес жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік негізде келістіруші комиссия.

- ұжымдық еңбек дауын қарастыру үшін - ҚР Еңбек кодексінің 165 бабына сәйкес жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік негізде бітістіретін комиссия.

4 - бөлім. Еңбекті төлеу.

4.1. Зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) зиянды еңбек жағдайлары, еңбек ақы индексациясы, өтемақы төлемдері, аралық сандар коэффициенттерімен жұмыс істейтін қызметкерлерді қоса алғанда, қызметкерлерге арналған жалақы және еңбекақы, жәрдемақы және толықтырулар, тиісті мамандық бойынша ең төменгі және ең жоғары жалақы арасындағы қатынастар, осы Келісімге № 2 қосымша Жалақы туралы енрежеге сәйкес реттеледі.

4.2. Жалақы жүйесі, жалақы мөлшерінің мөлшері (лауазымдық жалақы), материалдық ынталандырудың нысаны мен мөлшері, сыйақы және сыйақы төлеу туралы ереже, ұзақ қызмет көрсету және материалдық сыйақының өзге де түрлері ұжымдық шартта айқындалады (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 107-бабының 4 тармағы) жалақының салыстырмалы түрде айнымалы бөлігін және бір реттік ынталандыру төлемдерін есептемегенде, қызметкерлердің орташа айлық жалақысының кемінде 75 пайызын құрайтын негізгі жалақының (жалақының тұрақты бөлігіне қатысты) үлесін қамтамасыз етуі тиіс.

4.3. Еңбекті реттеу (жаңасын әзірлеу, енгізу, қолданыстағы еңбек нормаларын ауыстыру және қайта қарау) Кәсіподақпен келісілген тәртіппен бекітілген Жұмыс берушінің актісіне сәйкес жүзеге асырылады. Жаңа еңбек

нормаларын енгізу туралы Қызметкерлерге бір айдан кешіктірілмей хабарланады.

4.4. Жұмыскерге салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталынғаннан кейін, жалақы айына бір рет айдың онына дейін (емес, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірмей төленеді, ал Жұмыскермен еңбек шарты бұзылған немесе тоқтатқан кезде – үш жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі. Бұл ретте, жалақы төлеу күні демалыс немесе мереке күндеріне тура келген кезде төлем олардың қарсаңында жүргізіледі.

4.5. Жалақы қызметкерлерге төлем карточкасына ақша аудару арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен төленеді.

4.6. Жалақы төлеген кезде Жұмыс беруші әр қызметкерге тиісті кезең үшін оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, оның ішінде мәліметтер туралы жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабарлауға міндетті:

а) жүргізілген ұстап қалулардың мөлшері мен негіздері туралы;

б) ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы;

в) ұсталған және аударылған мүшелік кәсіподақ жарналары туралы;

г) ҚР Еңбек Кодексінің 113-бабының 2-тармағына сәйкес төлеуге жататын жалпы ақша сомасы туралы.

5 - бөлім. Жұмыс және демалу уақыты.

5.1. Еңбек жағдайларының, еңбекақы төлеу жүйесі мен көлемінің өзгеруі, жеңілдіктер, жұмыс тәртібі, толық емес жұмыс уақытын белгілеу немесе алып тастау туралы, кәсіптерді қоса атқару, лауазым разряды мен атауының өзгеруі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған мерзімде Қызметкерге алдын ала айтылады.

5.2. **Жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы керек.** Әкімшілік және басқарушылық кадрлар қызметкерлері, педагогтар, оқу-көмекші персонал қызметкерлері, көмекші персонал, кіші, орта, медицина қызметкерлері үшін күнделікті жұмыстың (ауысымның) және жұмыс аптасының ұзақтығын Жұмыс берушінің актілері, қызметкерлердің еңбек шарттарын белгілейді.

5.3. Қызметкерлердің күн сайынғы жұмысының (ауысым) басталу мен аяқталу уақыты ішкі тәртіп ережелерімен және жұмыс кестесімен (ауысым) анықталады.

5.4. Қызмет шарттары бойынша жұмыс уақытының апта сайынғы ұзақтығы сақталмауы мүмкін жағдайларда Жұмыс берушінің актілерімен жұмыс уақытының жиынтық есебін жүргізуге жол беріледі.

5.5. Жұмыс уақытының жиынтық есебін енгізгенде жұмыстың белгілі бір аймағында еңбекті ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты Жұмыс берушінің актілерімен жарты жыл үшін жұмыс уақытының есеп кезеңі белгіленуі мүмкін. Осы орайда, есеп кезеңі үшін жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілі бір кезең үшін бекітілетін

жұмыс сағаттарының санынан асып кетпеуі тиіс.

5.6. Күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) барысында қызметкерге жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы шартта көрсетілген ұзақтықта демалу және тамақтану үшін бір үзіліс беріледі.

5.6.1. Күнделікті жұмыста (жұмыс ауысымында) қызметкер демалыс пен тамақтануға бір үзіліс береді:

- әкімшілік және басқарушылық персонал үшін, оқу-көмекші персонал, көмекші персонал, кіші, орта, медицина қызметкерлері үшін - 1 сағат;

- профессорлық-оқытушылық құрамға - 30 мин.

5.6.2. Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін емес жұмыстарда жұмыс беруші қызметкерге жұмыс уақытында демалу және тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Мұндай жұмыс түрлеріне мыналар жатады: профессорлық-оқытушылық құрамға жататын лауазымдар; гардеробшы.

5.6.3. Қызметкерлердің жеке санаттарының жұмыс күнінің басталу мен аяқталу, түскі асқа үзіліс уақыты оқу үрдісін қамтамасыз ету қажеттіліктеріне байланысты арнайы кестемен белгіленеді.

Ауысым арасындағы демалу ұзақтығы 12 сағаттан кем болмауы тиіс.

5.7. Жұмыс беруші барлық Қызметкерлерге жыл сайын жұмыс орны мен орташа жалақысын сақтай отырып, еңбек демалыстарын береді.

5.7.1. Жұмыс беруші ақылы демалыс көлемін ұсынады:

1) Дәрігерлік персонал – 30 күн, орта медициналық персонал – 30 күн, кіші медициналық персонал – 30 күн;

2) профессорлық-оқытушылар құрамы - 56 күн;

3) университет қызметкерлерінің қалған санаттары – негізгі демалыстың 30 күні.

4) ғылыми қызметкерлерге:

56 күнтізбелік күн-ғылым докторы дәрежесімен;

42 күнтізбелік күн – ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) дәрежесімен;

35 күнтізбелік күн-басқалармен.

5.7.2. Жыл сайынғы еңбек демалысының күнтізбелік күндерін және негізгі жұмыс орны 1,0 ставкадан аз және басқа лауазым бойынша жұмыс істеу рұқсатымен ставкаға жететін қызметкерлердің материалдық көмегінің төлемақысы көлемін есептегенде орын алып отырған ставкаға тура пропорционалды есептеу керек.

5.7.3. Бірінші және екінші топ мүгедектеріне ұзақтығы кемінде алты күнтізбелік күннен тұратын қосымша төленетін жыл сайынғы демалыс беріледі.

5.7.4. Жұмыскерге жұмыстың бірінші және кейінгі жылдары үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында беріледі.

Қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарын беру

кезектілігі қызметкерлердің пікірін ескере отырып, жұмыс беруші бекітетін демалыс кестесіне сәйкес жыл сайын айқындалады не тараптардың келісімі бойынша демалыс кестесінен тыс белгіленеді.

5.7.5. Жұмыс жылы қызметкердің бірінші жұмыс күнінен бастап есептелген 12 айды құрайды.

5.7.6. Жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында бекітілген келісім бойынша жыл сайынғы төленетін еңбек келісімі Еңбек кодексінің 92-бабына сәйкес бірнеше бөлікке бөлінуі мүмкін.

5.7.7. Қызметкерлер үшін төлемақы төленетін қосымша еңбек демалысының ұзақтығы №1 қосымшаға, жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы құқығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы қосымша ақы төленетін еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ, оларды беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бекітілген №2 қосымшаға және өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелеріне сәйкес белгіленеді.

5.7.8. Жұмыс беруші барлық Қызметкерлерге қосымша демалыс береді.

5.7.9. Ғылыми қызметкерлерге жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі жетекші білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтар мен зертханаларда, оның ішінде шетелде тағылымдамадан өту үшін бір жылға дейінгі мерзімге демалыс беріледі. Бұл ретте осы адамның демалыс уақытына жұмыс орны мен лауазымы жалақысының сақталуынсыз сақталады.

Уәкілетті орган айқындайтын халықаралық рецензияланатын баспаларда (журналдарда) ғылыми еңбектерді дайындауды және жариялауды қоса алғанда, ғылыми және ғылыми-педагогикалық сипаттағы жұмыстарды аяқтау мақсатында осы ұйымда кемінде бес жыл үздіксіз ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі болған жағдайда жетекші ғалымдардың ұйымның өз қаражаты есебінен орташа жалақысы сақтала отырып бір жылға дейінгі мерзімге шығармашылық демалысқа құқығы бар. Шығармашылық демалыс он жылда бір реттен артық берілмейді. Шығармашылық демалыс аяқталғаннан кейін жетекші ғалым осы ұйымда үш жыл жұмыс істеуге міндетті.

Жетекші ғалым шығармашылық демалыс кезеңінде өзге де жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырған жағдайда шығармашылық демалыстың күші жойылады.

Шығармашылық демалыс беру, сондай-ақ шығыстарды өтеу немесе өтеу тәртібі мен шарттары ішкі құжаттарда айқындалатын болады.

6 - бөлім. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, кадрларды даярлау

және қайта даярлау.

6.1. Жұмыс беруші міндетті:

6.1.1. Кәсібіне, біліктілігіне және еңбек келісіміне сәйкес Университет қызметкерлерінің толық жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге.

6.1.2. Жұмысбастылықты сақтап отыру мақсатында, ерекшелік ретінде, Кәсіподақпен келісілген бойынша іс жүзінде орындалған жұмыс уақыты үшін ақы төлене отырып, жұмыс уақытының, жұмыс аптасының қысқартылған ұзақтығы нұсқасын қолдануға.

6.1.3. Ұйымды қайта құрылымдау, қайта ұйымдастыру, тарату жағдайында алдын ала, жоспарлы шараларды жүзеге асырудан кемінде 2 ай бұрын босатылатын қызметкерлердің жұмысқа орналасу бойынша өзара кеңес жүргізу үшін Кәсіподақ комитетіне хабарлауға.

6.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жұмыс беруші жұмыс орындарын қысқарта алады.

6.3. Қызметкерлердің санын немесе штатын қысқарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде Жұмыс беруші Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша екі жылдан аз қалған Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін жұмыскерлермен еңбек шартын жұмыс берушінің және жұмыскерлердің өкілдерінің тең санынан құрылған комиссияның оң шешімі болмай бұзуға жол бермейді.

6.4. Жұмыс беруші штатты қысқартқанда мүмкіндігінше Қызметкерлердің келесі санатын жұмыстан шығармауға тырысады:

- 16 жасқа толмаған балалары бар жалғыз басты аналар (әкелер);
- Жоғары біліктілікке ие, сонымен қатар, еңбекті қорғау қоғамдық инспекторлары немесе сайлау кәсіподақ органының мүшесі болып табылатын қызметкерлер;
- Университетте үздіксіз жұмыс өтілі кемінде 15 жылды құрайтын қызметкерлер;
- Өз біліктіліктерін өндірістен ажырамай, жоғары және орта арнаулы оқу мекемелерінде арттыратын қызметкерлер;
- Асырауында екі немесе одан да көп жандар болатын қызметкерлер;
- Жүкті әйелдер (жүктілігі уәкілетті медициналық мекемеде расталған болса).

6.5. Жедел әскери қызметті атқарып келген Қызметкердің жұмысқа орналасу өтінішінің мерзімі оның әскерден қайту мерзімінен кейінгі екі айдан аспаса, онда ол Еңбек кодексінің 124-бап 3-т. сәйкес Университетке жұмысқа орналасқан кезде артықшылық құқыққа ие болады.

6.6. Университетте еңбек міндеттемелерін атқару барысында мүгедектік алған Қызметкер мүгедектік жойылғаннан кейін (толық сауығу) Университетке жұмысқа орналасудың басым құқығына ие болады.

Әлеуметтік мәні бар аурулардың, оның ішінде адам иммунитетінің тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған аурулардың, В және С

гепатиттерінің, туберкулездің алдын алу бойынша бірлескен жұмыстар жүргізу. АИТВ/ЖИТС және еңбек саласы туралы Халықаралық еңбек ұйымының Ұсыныстарын дамыту шараларын қабылдау.

7 - бөлім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау.

Жұмыс беруші мен Кәсіподақ ұйымның ғылыми, өндірістік және басқа қызмет нәтижелеріне қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдылығын мойындайды және қамтамасыз етеді. Өндірумен байланысты барлық жарақаттар мен ауруларға жол берілмейді және алдын-алу керек.

7.1. Жұмыс беруші міндетті:

7.1.1. Университеттің жылдық жоспарына және құрылымдық бөлімшелердің жоспарларына қауіпсіздік және еңбек қорғау шараларын қаржыландыруды қамтамасыз ету. Қызметкерлерді жеке қорғану құралдарымен, киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз ету туралы өтініштер қауіпсіздік техникасымен келісіледі.

7.1.2. Еңбек кодексінің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жұмысшыларға салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайлары, санитарлы-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайын бақылау. Жұмыс орындарындағы қауіпсіздік туралы, жұмыс орындарындағы ықтимал қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, авариялар мен қабылданған шаралар туралы жүйелі түрде хабардар етіледі.

7.1.3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік талаптар мен іс-шараларды орындау, экологиялық нормативтерді, денсаулықты нығайту, қызметкерлердің жалпы және кәсіптік ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды сақтау.

7.1.4. Қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен өндірістік объектілер мен жұмыс орындарын еңбек жағдайларының жай-күйі бойынша мерзімдік (бес жылда кемінде бір рет) аттестаттауды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес қайта жаңартудан, жаңғыртудан, жаңа техниканы орнатудан немесе технологияны енгізгеннен кейін және оларды нормаларға сәйкес келтіру жөніндегі іс-шараларды орындаумен, ал бұл мүмкін болмаған жерлерде-қызметкерлерді тиісті жеке қорғану құралдарымен міндетті түрде қамтамасыз етумен және зиянды еңбек жағдайларындағы жұмысқа қосымша төлем.

7.1.5. Бекітілген «Арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын тегін беру көзделген қызметкерлер кәсіптерінің тізбесіне» сәйкес университет қаражаты есебінен белгіленген мемлекеттік нормаларға сәйкес қызметкерлерге арнайы киім мен аяқ киімді, зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен жеке қорғану құралдарын беруді және жөндеуді қамтамасыз ету (№5 қосымша).

7.1.6. Қызметкерлерге қажетті санитарлық – гигиеналық жағдайлар жасау, оларды нормаларға сәйкес тегін сабынмен, медициналық дәрі

қобдишасымен жабдықтау.

7.1.7. Профилактикалық тексерулер, жөндеу, Өндірістік жабдықтар мен технологиялық процестерді ауыстыру жолымен жұмыс орындарында және технологиялық процестерде тәуекелдердің алдын алу жөнінде шаралар қабылдау. Салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау үшін қажетті жабдықтармен, материалдармен және персонал санымен жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету.

7.1.8. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді, білімін тексеруді жүргізу, сондай-ақ өндірістік процесс пен жұмыстарды өз қаражаты есебінен қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз ету.

7.1.9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалар жүргізу, жұмыскерлерді өндірістік процесс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша тиісті нұсқамалық құжаттармен (нұсқаулықтармен, Қағидалармен, әдістемелік нұсқаулармен) қамтамасыз ету.

7.1.10. Бекітілген «Міндетті медициналық тексеруге жататын қызметкерлер лауазымдарының (санаттарының) тізіміне, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлеміне» сәйкес, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгерген басқа жұмысқа ауысқан кезде не кәсіптік ауру белгілері пайда болған кезде Жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен міндетті мерзімді (еңбек қызметі барысында) медициналық қарап-тексерулер және қызметкерлерді тексеру (шамамен осы қызметтерді жүргізу құқығына лицензиясы бар ұйыммен мемлекеттік сатып алу порталында персоналды медициналық қарап-тексеру бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалады) (№6 қосымша).

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қауіптілігі жоғары жұмыстарда, машиналармен және тетіктермен айналысатын қызметкерлерді ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық куәландыру.

Медициналық пункттер мен медициналық персоналды Жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен ұстау.

7.1.11. Қызметкерлердің өкілдерінің қатысуымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік сырқаттанушылықты тергеп-тексеруді қамтамасыз ету.

7.1.12. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тіркеуді, есепке алуды және талдауды жүзеге асыру.

Кәсіподақпен бірлесіп олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру.

7.1.13. Қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын шарттарда еңбек/қызметтік міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру.

7.1.14. Төтенше жағдайдың дамуын және басқа адамдарға травматикалық факторлардың әсерін болдырмау үшін шұғыл шаралар

қабылдау.

7.1.15. Кәсіптері ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы №170 Бұйрығымен бекітілген Тізбеде көзделген еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлерге міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру.

7.1.16. Өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерімен расталған зиянды еңбек жағдайлары жойылған жағдайда, жұмыс беруші міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.

7.2. Лауазымдық міндеттері:

7.2.1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормалардың, ережелер мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтау.

7.2.2. Жұмыс берушіге немесе құрылымдық бөлімшенің басшысына әрбір өндірістік жарақат және қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануы, кәсіби аурудың (уланудың) белгілері туралы, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туралы дереу хабарлауға міндетті.

7.2.3. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден, сондай - ақ ауысым алдындағы, ауысымнан кейінгі және өзге де медициналық куәландырудан өтуге міндетті.

7.2.4. Берушінің талабы бойынша өткізілетін профилактикалық медициналық тексерулер көзделген жағдайларда, жұмыс берушінің актісінде, сондай-ақ басқа жұмысқа ауыстыру кезінде еңбек жағдайларының өзгеруіне.

7.2.5. Жұмыс беруші беретін жеке және ұжымдық қорғану құралдарын мүлтіксіз қолдану және мақсаты бойынша пайдалану.

7.2.6. Жұмыс беруші айқындаған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқудан, нұсқама беруден және білімін тексеруден өтуге міндетті.

7.3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің жұмысы:

7.3.1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің жұмыс тәртібі кәсіподақпен келісілген және жұмыс беруші бекіткен "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің" жұмысы туралы Ережемен белгіленеді (N 6 қосымша).

7.3.2. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың функционалдық құқықтары мен жауапкершілігі "еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы" Ережемен (№7 қосымша) белгіленеді.

7.3.3. Жұмыс беруші еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға орташа жалақысын сақтай отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жоспарлы тексерулердің кестелеріне сәйкес Комиссия құрамына қатысу үшін негізгі жұмыстан босатуды береді.

7.3.4. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі талаптарын құрылымдық

бөлімшенің басшысы орындауға міндетті. Жұмыс беруші анықталған бұзушылықтарды жою туралы талапты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторға осы талапты қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабарлауға міндетті.

7.4. Жалпы сұрақтар

7.4.1. Жұмыс орнында жұмыс уақытының басталуына немесе жұмыс уақытының аяқталуына дейін жұмыс орнында, өндіріс құралдарын, жеке қорғану құралдарын және жұмыс орнында жұмыс уақытында жұмыс уақытында басқа жолмен жүріп-тұру және жинау кезіндегі жұмыс жарақатына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары Қызметі қызметтік объектілер арасындағы қозғалысқа байланысты, оның ішінде жұмыс берушінің тапсырмасы бойынша, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде іссапар кезінде төлем 100% өлшемінде төленеді.

7.4.2. Зейнеткерлік жасқа толған адамдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жалпы негіздерде ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға жіберіледі.

8 - бөлім. Әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер.

8.1. Жұмыс беруші кәсіподақ комитетімен бірге қызметкерлерге келесі әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктерге кепілдік береді:

- Бекітілген сметаға сәйкес мәдени-бұқаралық, сауықтыру жұмыстарын жүргізу үшін ақшалай қаражат бөлу;

8.2. Жұмыс беруші қызметкерлерді жерлеуге және жерлеуді ұйымдастыруға материалдық көмек көрсету бойынша әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер береді.

9 - бөлім. Жас мамандар мен білім алушы жастардың әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын қорғау.

9.1. Жастармен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиялардың жұмысын белсенділендіру.

9.2. Жастардың жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы үшін жағдай жасау мақсатында:

- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын жүзеге асыру шараларын жасау, оның ішінде, ұрпақтар сабақтастығын, тәлімгерлікті дамыту және нығайту, жастар денсаулығын сақтау және күшейту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене тәрбиесі және спортпен айналысуға жағдай жасау, студенттік форумдарды ұйымдастыру және өткізу;

9.3. Жастардың жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы үшін жағдайларын жасау мақсатында Тараптар міндетті:

- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 30-бабы 1-тармағының 3), 4), 5), 6) тармақшаларында белгіленген жағдайлардан бөлек, жұмысқа алғаш кіріп отырған жастармен екі жылға мерзімі белгіленген еңбек шартын бекітуді қамтамасыз ету;

- жұмысқа жасы он сегізге толмаған тұлғаларды қабылдағанда, сондай-ақ, техникалық және кәсіби, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім ұйымдарында білім беру бағдарламаларын меңгерген, алған мамандығы бойынша оқу орнын бітіргеннен кейін бір жылдан кешіктірмей жұмысқа алғаш рет кіріп отырған тұлғаларды қабылдағанда сынақ мерзімі бекітілмейді.

- ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында қарастырылған тәртіпте жас мамандар үшін коммуналдық меншіктен баспана бөлуге қол жеткізу.

10 - бөлім. Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері.

10.1. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңында, басқа да заңдарда және нормативтік актілерде, осы Шартта қарастырылған кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын мүлтіксіз орындауға міндетті.

10.2. Жұмыс беруші кәсіподақ өкілдеріне қолданыстағы заңнамада, осы Шартта көрсетілген жарғылық міндеттер мен құқықтарды жүзеге асыру үшін кәсіподақ мүшелері жұмыс істейтін кәсіпорындарға, ұйымдарға баруға тыйым салуға құқығы жоқ.

10.3. Кәсіподақ комитеті және кәсіподақ мүшелері Университеттің еңбек ұжымының мүддесін білдіреді, құқықтық көмек көрсетеді, кәсіпорында еңбек тәртібі ережелерін сақтау жөнінде өз мүшелері арасында кәсіподақ ұйымдарында белсенді жұмыстар жүргізеді, шиеленісті жағдайларды шешу шараларын қабылдайды, еңбек дауларын қарастыруға қатысады.

10.4. Кәсіподақ комитеті Қызметкерлердің қажеттіліктері мен талабын есепке ала отырып, ұжымның әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарын анықтауға, еңбекке төлеу бөлігінде олардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, өндірісте қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға, денсаулықты сақтауға қатысады.

10.5. Жұмыс беруші Кәсіподақ комитетіне келесілерді ұсынады: байланыс, көлік, жұмысына қажетті орын, Университеттің кәсіподақ ұйымының босатылмаған сайлау өкілдеріне олардың Кәсіподақ конференцияларына, съездерге, Жұмыс берушімен бірге тексерулерге қатысу кезеңінде жалақысының сақталуына кепілдік береді.

10.6. Жұмыс беруші мәдени-бұқаралық, спорт және сауықтыру жұмыстарына арналған ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жабдықталуы мен пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

10.7. Сайланбалы кәсіподақ қызметкерлері (кәсіподақ комитеттерінің мүшелері, еңбекті қорғау жөніндегі инспекторлар) кәсіпорын таратылған жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығарыла алмайды, сондай-ақ өздері мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының алдын ала келісімінсіз тәртіптік жазаға тартылады немесе басқа жұмысқа ауыстырылады.

11 - бөлім. Қорытынды ережелер.

11.1. Шарттың орындалуына бақылауды Тараптардың әрқайсысы өздігінше жүргізеді.

11.2. Шарттың орындалмағаны немесе тиісті орындалмағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

11.3. Шарт міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

11.4. Аталмыш ұжымдық шарт Жұмыс берушінің барлық құрылымдық бөлімшелеріне таралады.

11.5. Осы шарттың барлық қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

11.6. Кәсіпорын меншігін иеленушінің ауысуы кезінде ұжымдық шарттың қызметі үш ай мерзімге сақталады. Бұл мерзімде тараптар жана шартқа отыру, ескі шартты сақтау, өзгерту немесе толықтыру енгізу туралы өзара хабар алысулар жүргізе алады.

11.7. Жұмыс беруші мен Кәсіподақ ұжымдық шарт ережелерінің орындалуына өзара бақылауды жүзеге асырады. Ұжымдық шартта қарастырылған міндеттерді орындамағаны үшін тараптар Ұжымдық шарт пен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Осы ұжымдық шартты кәсіподақ өкілдері мен жұмыс беруші өкілдерінің қатысуымен тепе-тең негізде құрылған комиссия дайындады.

**«Қарағанды медицина
университеті Кәсіподағы»
Қоғамдық бірлестігінің төрағасы**



Н.Н. Наурызов
« 14 _____ 2025 ж.

**«Қарағанды медицина
университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы – Ректор м.а.**



В.П. Риклефс
« _____ 2025 ж.

